

Бұдан әрі «**Банк**» деп аталатын «**First Heartland Jusan Bank**» акционерлік қоғамы атынан (оның негізінде уәкілетті өкіл әрекет ететін құжат көрсетілсін) негізінде әрекет ететін (Банктің уәкілетті өкілінің лауазымы, толық аты-жөні көрсетілсін) мырза (ханым) бір тараптан және

[бұдан әрі «**Клиент**» деп аталатын Клиенттің толық ұйымдық-құқықтық нысаны және атауы көрсетілсін атынан оның негізінде уәкілетті өкіл әрекет ететін құжат көрсетілсін негізінде әрекет ететін тұлғаның толық аты-жөні мен лауазымы көрсетілсін мырза (ханым) екінші тараптан],

[бұдан әрі «**Бірлесіп қарыз алушы**» деп аталатын Бірлесіп қарыз алушының ұйымдық-құқықтық нысаны мен атауын толық көрсету атынан негізінде уәкілетті өкіл әрекет ететін құжатты көрсету негізінде әрекет етуші лауазымын көрсету тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) толық көрсету ханым (мырза) үшінші тараптан]<sup>1</sup>

басқа да Бірлесіп қарыз алушылар бар болса, оларды сәйкесінше нөмірлермен көрсету, келесі абзац барлық Клиенттер мен Бірлесіп қарыз алушыларды ескере отырып мазмұндалсын

[Клиент және [Бірлесіп қарыз алушы] [Бірлесіп қарыз алушылар] бірлесіп бір тарапты білдіреді, бұдан әрі осы Банктік қарыз шартының мәтіні бойынша бірлесіп «**Клиент**» деп аталады, көрсетілген міндеттемелердің орындалуы үшін толық ортақ жауапкершілікте болады, бұл ретте осы Банктік қарыз шартындағы барлық сілтемелер Клиентке Клиент, [Бірлесіп қарыз алушы] [Бірлесіп қарыз алушылар] бірге алынған, сондай-ақ олардың әрқайсысы жеке-жеке, бұл ретте клиенттің барлық құқықтары мен міндеттері Клиентке [Бірлесіп қарыз алушы] [Бірлесіп қарыз алушылар] тең дәрежеде жатады.]<sup>2</sup>

Клиент осы Овердрафттар беру туралы бас кредиттік келісім (бұдан әрі – Келісім) жасай отырып, Банк Басқармасы бекіткен (\_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттама) (Шартты әзірлеу кезіндегі хаттаманың деректемелерін және күнін көрсету) Банктің www.jusan.kz интернет-ресурсында жарияланған заңды тұлғаларға және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға қаржыландыруды ұсыну жөніндегі Стандартты шарттарға оларға енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулармен бірге қосылады (бұдан әрі – Стандартты шарттар), Шарт талаптарын және Стандартты шарттарды тиісті түрде орындауға міндеттеме алады.

Банк пен Клиент, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке «Тарап» деп аталып, төмендегілер туралы шарт жасады:

Шартта пайдаланылатын бас және кіші әріппен жазылған терминдер мен қысқартулар, егер шартта өзгеше тікелей айтылмаса, Стандартты шарттарда айқындалған мағынаға ие болады. Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының талаптарына сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады. Бұл ретте стандартты шарттар мен шарт тек бірыңғай құжат ретінде қаралады.

## 1-бап. Жалпы шарттар

**1.1.Қарыздың мақсаты:** Клиентке жаңартылатын кредит желісін беру, оның шеңберінде Банк клиентке келесі шарттарда овердрафттар береді:

1) Лимиттің жалпы сомасы мен валютасы:

- жаңартылатын негізде соманы цифрмен және жазумен көрсету теңге;

<sup>1</sup> Келісімнің мәтіні бойынша тік жақшада көрсетілгендердің барлығы мәміленің мазмұнына, Банктің тиісті уәкілетті органының/тұлғасының шешімінің бар-жоғына және басқаларына байланысты қабылданады не мәтіннен шығарылады. Мәтіннен тік жақшада көрсетілген жекелеген тармақтарды/тармақшаларды алып тастағанда, қажет болған жағдайда келесі тармақтардың/тармақшалардың нөмірленуі өзгертілсін. Клиент кредит беру кезінде Банктің ішкі құжаттарына сәйкес қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

<sup>2</sup> Бірлесіп қарыз алушы (-лар) болған жағдайда.

2) **мерзім:** Кредиттік желі \_\_\_ жыл " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ бастап (ашылған күні) \_\_\_ жыл " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ дейінгі (жабылу күні) кезеңмен Лимит шегінде беріледі;

3) Кредиттік желінің қолжетімділік кезеңі – Клиент Келісім шеңберінде овердрафттар ала алатын уақыт аралығы \_\_\_ жыл " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_ жыл " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ дейінгі кезең.

1.2. Кредиттік желі аясында Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде Банк Клиентке жалпы сомасы Келісімнің 1.1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген лимит сомасынан аспайтын овердрафттарды Стандартты шарттарда, Келісімде және Келісім бойынша жасалатын мәлімдемелерде көзделген шарттарда береді.

1.3. **Сыйақы мөлшерлемесінің түрі, Жылдық сыйақы мөлшерлемесінің пайыздағы мөлшері, шартты жасау күніне дәйекті жылдық тиімді салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері:** [бекітілген]; жылдық (*мөлшерлемені цифрлармен көрсету*) пайыз, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі: жылдық (*мөлшерлемені цифрлармен көрсету*) пайыз.

1.4. **Өтеу тәсілі:** қолма-қол ақшамен, қолма-қол ақшасыз тәртіпте.

1.5. **Өтеу әдісі:** (*төменде көрсетілген әдістердің бірі көрсетіледі қажетсіз алып тастау*)

- Клиенттің «Jusan Bank» АҚ-та ашылған ағымдағы шоттарына келіп түсетін барлық ақшаны олардың келіп түсуіне қарай алып қою (есептен шығару) арқылы;

- Өтініштің қолданылу мерзімінің соңында, бірақ Келісімнің 1.1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мерзімнен кешіктірмей;

- Банк айқындаған өзге мерзімдерде.

**1.7. Қарыз бойынша берешекті өтеу кезектілігі.**

Келісім бойынша клиент-заңды тұлға жүргізген төлемнің сомасы, егер ол Келісім бойынша Клиенттің міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Клиенттің берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

1) Банктің орындауды алу жөніндегі шығындары;

2) Қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер;

3) негізгі борышты және сыйақыны төлеу мерзімін өткізіп алғаны үшін тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы);

4) сыйақы бойынша, оның ішінде мерзімі кешіктірілген негізгі борышқа берешек;

5) негізгі борыш бойынша берешек;

6) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;

7) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы;

8) жоғарыдағы 3) тармақшада көрсетілгендерді қоспағанда, тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы).

Кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын клиент-жеке тұлға жүргізген шарт бойынша төлем сомасы, егер ол Келісім бойынша Клиенттің міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Клиенттің берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

1) негізгі борыш бойынша берешек;

2) сыйақы бойынша, оның ішінде мерзімі кешіктірілген негізгі борышқа берешек;

3) тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы);

4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы;

5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;

6) қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер бойынша берешек;

7) Банктің орындауды алу жөніндегі шығасылары.

Мерзімі қатарынан күнтізбелік тоқсан күн өткен соң кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын клиент-жеке тұлға жүргізген шарт бойынша төлем сомасы, егер ол шарт бойынша Клиенттің міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Клиенттің берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

1) негізгі борыш бойынша берешек;

- 2) сыйақы бойынша, оның ішінде мерзімі кешіктірілген негізгі борышқа берешек;
- 3) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы;
- 4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;
- 5) тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы);
- 6) қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер бойынша берешек;
- 7) Банктің орындауды алу жөніндегі шығыстары.

#### **1.8. Овердрафтты уақтылы өтемегені және сыйақыны төлегені үшін тұрақсыздық төлемін есептеу тәртібі мен мөлшері.**

Овердрафт бойынша ай сайынғы төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелер бұзылған кезде Банк Клиенттен өтеу кестесіне сәйкес өтеу күнінен кейінгі бірінші күннен бастап мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасының Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін санмен (жазудымен) көрсету мөлшерінде тұрақсыздық төлемін төлеуді талап етуге құқылы.

Бұл ретте, егер Клиент заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылса, онда мерзімі кешіктірілген 90 (тоқсан) күн өткеннен кейін тұрақсыздық төлемінің мөлшері мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасының 0,03% (нөл бүтін жүзден үш пайыз), бірақ әрбір күн үшін қарыз сомасының 10% (он пайызынан) аспайды Шарттың қолданылу жылы.

#### **1.9. Овердрафтты беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты алынуға жататын комиссиялардың және өзге де төлемдердің толық тізбесі мен мөлшері:**

[Овердрафтты ұйымдастырғаны үшін комиссиялар:

- Қаржыландыру лимиті белгіленген кезде оның сомасынан комиссия алынады *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету)*. Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету*.

- қаржыландыру лимиті ұлғайған кезде бекітілген ұлғаю сомасынан комиссия алынады *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету)*. Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету*. ]

[Келісім шарттарын және кепілдікті қамтамасыз ету жөніндегі шарттарды өзгерткені үшін Комиссия:

- Келісім шарттарының өзгергені үшін (сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі, қаржыландыру мерзімінің өзгеруі) *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету)*. Төлеу тәртібі - *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету*.

қолжетімділік кезеңін ұзартқаны үшін – \_\_\_\_\_ *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету)*. Төлеу тәртібі - *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету*.

[ - кепіл затының (- лерінің) шарттарын өзгерту жөніндегі мәселелерді қарағаны үшін, сондай-ақ кепіл затын (- лерін) ауыстыру, кепіл берушіні (- лерді) ауыстыру кезінде *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету)*. Төлеу тәртібі - *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету*. ]<sup>3</sup>

- өзге де, оның ішінде Клиентпен (Бірлесіп қарыз алушымен), Кепілгермен (Кепілдік берушімен) байланысты шарттардың өзгергені үшін, сондай-ақ ерекше шарттардың тармақтарын орындау шарттарының өзгергені үшін - *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша көрсету)*. Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету*;

- күнтізбелік ай ішінде Овердрафт кестесі бойынша төлем күнін өзгерту, Овердрафтты өтеу әдісін өзгерту (Овердрафтты өтеу шарттарын өзгертпей) - *Банктің уәкілетті органының*

<sup>3</sup> Овердрафт бойынша кепілмен қамтамасыз ету болған кезде.

*шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша көрсету) (керексізін алып тастау). Төлеу тәртібі– Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету]*

[Анықтама беру және посткредиттік қызмет көрсету бойынша басқа да қызметтер үшін комиссия:

*[- Клиенттің өтініші бойынша кепілдік қамтамасыз ету болып табылатын көлік құралының тіркеу нөмірін ауыстыруға рұқсат туралы анықтаманы бергені үшін, көлік құралын тіркеу туралы куәлікті қайта ресімдеуге, көлік құралы бойынша жоғалған құжаттарды қалпына келтіруге/Клиенттің өтініші бойынша жеке тұлғаның тұрғылықты жері бойынша тіркеуге (тіркеуден шығаруға) келісімі туралы анықтаманы бергені үшін, заңдастыруға кепілмен қамтамасыз ету аумағында жүргізілген қайта жоспарлау, құрылыстар, жапсарлас құрылыстар - Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (комиссия мөлшерін жазбаша көрсету) (керексізін алып тастау). Төлеу тәртібі– Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету;*

*- Клиенттің өтініші бойынша иеліктен шығаруға салынған тыйымды алып тастамай, клиенттің кредиттік досьесінде қамтылған кепіл затына құқық белгілейтін құжаттарды бергені үшін (ескертулерді жою және ерекше шарттарды орындау мақсатында құжаттарды беру жағдайларын қоспағанда) – Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (комиссия мөлшерін жазбаша көрсету). Төлеу тәртібі– Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету; ]<sup>4</sup>*

*- Клиенттің басқа сұраныстары бойынша келісім бергені үшін – Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (комиссия мөлшерін жазбаша көрсету). Төлеу тәртібі– Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету;*

*- Клиенттің өтініші бойынша - Өтініш бойынша борышты өтеу есебіне кезекті түсетін ақшаны бөлу туралы құжат (несие шоты бойынша үзінді) (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне, айыппұлдарға және төлеуге жататын басқа да сомаларға бөле отырып). Айына бір рет-тегін, айына бір реттен артық - Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (комиссия мөлшерін жазбаша көрсету). Төлеу тәртібі– Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету;*

*- клиенттің овердрафтты (- тарды) ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеу туралы өтініші бойынша - қайтаруға тиесілі соманың мөлшері туралы анықтама (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне, айыппұлдарға және мерзімі кешіктірілген төлемдерді көрсете отырып төленуге жататын басқа да сомаларға бөле отырып) - Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (комиссия мөлшерін жазбаша көрсету). Төлеу тәртібі– Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету;*

*5) Клиенттің өтініші бойынша овердрафт(тар) бойынша несие берешегі туралы анықтама бергені/клиенттің басқа да сұраулары бойынша анықтама бергені үшін - Клиент пайдаланатын тарифтік жоспарға сәйкес / Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссия мөлшерін цифрмен көрсету (комиссия мөлшерін жазбаша көрсету). Төлем тәртібі-Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлем тәртібін көрсету. ]<sup>5</sup>*

*Өнім паспортына/Банктің тарифтеріне / Уәкілетті органның шешіміне сәйкес тармақты алып тастауы/ басқа комиссиялар/төлемдермен толықтыруы мүмкін*

### **1.10. Овердрафтты, сыйақыны өтеу тәртібі мен кезеңділігі.**

<sup>4</sup> Овердрафт бойынша кепілмен қамтамасыз ету болған кезде.

<sup>5</sup> Егер кепілдікті қамтамасыз етуге қолданылатын болса, комиссиялар овердрафт бойынша кепілдікті қамтамасыз ету болған кезде көрсетіледі.

Овердрафт, есептелген сыйақы сомасын Клиент Банк кассасы арқылы ақша енгізу, ақшаны қашықтағы терминал арқылы есепке жатқызу, клиенттің Банкте ашылған ағымдағы шотына қолма-қол ақшасыз аудару жолымен не овердрафт мерзімінің соңында өзге тәсілмен өтейді.

## **2. Овердрафттарды беру шарттары**

2.1. Банктің Келісім бойынша овердрафттарды беру жөніндегі міндеттемесі клиенттің овердрафттарды беру үшін қажетті шарттарды немесе банктің қалауы бойынша өзге де шарттарды тиісінше орындауына қарай болады.

Овердрафттар Клиентке Келісім шеңберінде жасалған Өтініштер негізінде және Белгіленген лимит шегінде беріледі.

## **3. Қамтамасыз ету тәсілі**

[3.1. Клиенттің келісім бойынша, сондай-ақ өтініштер бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін: *а) (кепіл затының жеке айқындалған белгілерін көрсету (жылжымайтын мүлік бойынша орналасқан жерінің мекенжайы); б) банктік салым/кепілсалым шарты бойынша ақша сомасы мен валютасы, оның нөмірі мен күні (депозиттегі ақша кепілі бойынша); в) Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес өзге де мүлік (керексіз мүлікті алып тастау).]*

[Қамтамасыз етуді бағалау Қамтамасыз ету шарт(-тар)ында көрсетіледі]<sup>6</sup>.

[Банк тиісті түрде ресімделген және қажет болған жағдайда тіркелген Қамтамасыз ету шарт(-тар)ы ұсынылғанға дейін Овердрафттарды беру жөніндегі міндеттен босатылады]<sup>7</sup> [тиісті түрде ресімделген және қажет болған жағдайда тіркелген Қамтамасыз ету шарт(-тар)ы Клиент Банкке Келісім бойынша Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша қамтамасыз ету шарты берілуге тиісті мерзім көрсетілсін (қажетсізін алып тастау керек) мерзімде береді (беріледі). ]<sup>8</sup> [*Келісім міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етпей жасалған жағдайда, осы тармақ мынадай редакцияда жазылсын.*

3.1. Клиенттің Келісім бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсынуы талап етілмейді.]

## **4. Келісім бойынша берешекті реттеу шарттары мен тәртібі және Клиент Келісім бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде Банк қабылдайтын шаралар**

4.1. Банктің Стандарттық шарттарда қарастырылған талаптары қанағаттандырылмаған, сондай-ақ Клиент Стандарттық шарттарда берілген құқықтарды іске асырмаған немесе Клиент Келісім бойынша міндеттемелерді орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған кезде Тараптар арасында Келісім талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған болса Банк оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Стандарттық шарттарда берілген шараларды қолдануға құқылы:

- 1) Клиентке қатысты шаралар қолдану туралы мәселені қарау;
- 2) Клиенттен тұрақсыздық төлемін (өсімақы, айыппұл) төлеуді талап етуге құқылы;
- 3) Клиенттен Банк пен Клиент арасында жасалған Келісім және өзге де мәмілелер бойынша барлық міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап етуге құқылы;
- 4) Клиенттің қосымша келісімсіз Келісім бойынша берешектің барлық / Клиенттің банкте немесе кез келген басқа банктерде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған кез келген банктік шоттарынан (Банктің тұрақсыздық төлемін/ залалын қоса алғанда) даусыз тәртіппен кез келген мерзімі кешіктірілген сомасын алып қоюға / есептен шығаруға (көзделген талаптар мен ерекшеліктерді ескере отырып); ҚР заңнамасымен);
- 5) берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге міндетті;

<sup>6</sup> Егер қамтамасыз ету бағалауға жатпайтын кепіл болып табылса, тік жақшада көрсетілген кепіл алынып тасталады.

<sup>7</sup> Овердрафттар тиісті түрде ресімделген қамтамасыз ету шарттары ұсынылғаннан кейін берілген жағдайда көрсету.

<sup>8</sup> Овердрафттар Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша тиісті түрде ресімделген қамтамасыз ету шарттарын ұсынғанға дейін ұсынылған жағдайда көрсету.

- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, кепілге салынған мүлікті соттан тыс тәртіппен өндіріп алуға немесе Клиенттің берешегін сот тәртібімен өндіріп алуға (оның ішінде берешекті өндіріп алуды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен үшінші тұлғаларға тапсыруға);
- 7) Клиенттің кез келген мүлкінен сот тәртібімен өндіріп алынуға құқығы бар;
- 8) Біржақты тәртіппен овердрафт беруді тоқтатуға / тоқтата тұруға;
- 9) ҚР заңнамасына және тараптардың келісіміне сәйкес берешекті өндіріп алу бойынша басқа да шараларды қабылдауға міндетті. Қандай да бір шараны қолдану (немесе жиынтығында шаралар қолдану) қажеттілігін банк дербес айқындайды.

## 5. Келісімнің қолданылу мерзімі

5.1. Келісім Тараптар оны жасаған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Келісім және Өтініш (тер) бойынша барлық міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

### 6. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

6.1. Тараптардың ҚР заңнамасында, Стандартты шарттарда көзделген құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ шектеулері бар.

[6.2. Банк құқылы (Стандартты шарттар бойынша өзге құқықтардан басқа):

Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша Стандартты шарттарда көзделмеген құқықтарды көрсету.]

[6.3. Клиент міндетті (Стандартты шарттар бойынша басқа міндеттемелерден басқа):]

[6.3.1. Клиенттің Келісім бойынша міндеттерді орындау қабілетінің, сондай-ақ Банктің Клиенттің Банктегі ақшасы есебінен өз құқықтарын іске асыру мүмкіндігінің мониторингін қамтамасыз ету мақсаттары үшін - Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде банктегі өзінің банктік шоты (шоттары) бойынша ақшаның төмендетілмейтін ай сайынғы кредиттік айналымын (қаржылық көмекті, қарыздарды, фирма ішіндегі және т. б. төлемдерді есепке алмағанда) айына \_\_\_ (\_\_\_) \_\_\_ сомада ұстап тұруға. Бұл ретте осы Шарт клиенттің өзге екінші деңгейдегі банктерде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда банк шоттарын ашу құқығын шектеу болып табылмайды.]<sup>9</sup>

[Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша Стандартты шарттарда көзделмеген міндеттерді көрсету.]

## 7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Келісім шарттарын бұзғаны үшін Тараптар ҚР заңнамасына және стандартты шарттарға сәйкес жауапты болады.

7.2. Стандартты шарттарда көзделген жауапкершілік шараларынан басқа, Клиент банкке төлеуге міндеттенеді:

1) Банктегі айналымдарды аудару және/немесе қолдау жөніндегі талаптарды орындамағаны үшін Банктің уәкілетті органы айқындаған және Келісімде көрсетілген мөлшерде тұрақсыздық төлемі – Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша және есептеу тәртібін көрсету) Төлеу тәртібі - Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлеу тәртібін көрсету;

2) Келісім бойынша орындау мерзімі бар міндеттемелерді орындамағаны/уақтылы емес/тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемі – Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша көрсету) банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссия мөлшерін цифрлармен көрсету (комиссияның мөлшерін жазбаша және есептеу тәртібін көрсету). Төлем тәртібі - Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлеу тәртібін көрсету;

3) Келісім бойынша орындау мерзімі жоқ міндеттемелерді орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемі – \_\_\_\_\_ Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша және

<sup>9</sup> Банктің тиісті уәкілетті органының/тұлғасының шешімінің болуына байланысты.

есептеу тәртібін көрсету). Төлем тәртібі - Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлеу тәртібін көрсету;

4) Ерекше жағдайлар болған кезде төменде көрсетілген үлгілерге сәйкес Келісімнің 8.1-тармағы тармақшаларының нөмірлерін және оларды бұзғаны үшін тұрақсыздық төлемінің (айыппұлдың, өсімақының) мөлшерін көрсету қажет:

Ерекше шарттарды орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемі:

- Келісімнің 8.1-тармағының тармақшасы көрсетіледі қарастырылған міндеттемелер, Банктің уәкілетті органы белгілеген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін және есептеу тәртібін көрсету мөлшерінде тұрақсыздық төлемі. Төлем тәртібі - Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлеу тәртібін көрсету;

- Келісімнің 8.1-тармағының тармақшасы көрсетіледі қарастырылған міндеттемелер, Банктің уәкілетті органы белгілеген тұрақсыздық төлемінің мөлшерін және есептеу тәртібін көрсету мөлшерінде тұрақсыздық төлемі. Төлем тәртібі - Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша белгіленген төлеу тәртібін көрсету; ]

Өнімнің паспортына/уәкілетті органның шешіміне сәйкес тармақты алып тастауы/өзге де тұрақсыздық төлеміне (айыппұлдарға, өсімақыларға) толықтыру мүмкін.

## 8. Өзге де шарттар

**8.1. Ерекше шарттар:** (ерекше жағдайлар болмаған жағдайда, тармақ мынадай редакцияда жазылсын «8.1. Ерекше шарттар жоқ», ерекше шарттар болған кезде оларды Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес осы тармақта көрсету қажет).

8.2. [Сақтандыру шарты кредит берудің бүкіл мерзіміне жасалатын жағдайларды қоспағанда (Клиент келісім бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін) кейіннен ұзарта отырып мерзімді цифрлармен көрсету (мерзімді жазбаша көрсету) мерзіміне жасалады. Сақтандыру шарты, мерзім цифрлармен көрсетілсін (мерзім жазбаша көрсетілсін) айға, Сақтандыру шарты кредит берудің бүкіл мерзіміне жасалған жағдайлардан бөлек (Клиент өзінің осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін), одан әрі ұзартылуымен жасалынады. Осы Шартта Сақтандыру шартын ұзарту ретінде, Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімін, бұған дейінгі жасалынған Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі кешіктірілген күннен кейінгі күннен кеш емес, жаңадан күшіне енген Сақтандыру шартын (сақтандыру полисін) немесе бұған дейін әрекет еткен Сақтандыру шартына, Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімін ұзарту туралы қосымша келісімді, сондай-ақ Сақтандыру шарты кредит берудің бүкіл мерзіміне жасалған жағдайлардан бөлек, Сақтандыру шартының және ҚР заңнамасының шарттарына сәйкес сақтандыру сыйақысының төленуін растайтын құжатты және өзге де қажетті құжаттарды ұсыну жолымен Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімін ұзарту түсіндіріледі.

[Банк тиісті түрде рәсімделген Сақтандыру шартын Клиентке офердрафтты бергенге дейін ұсынады. Тиісті түрде рәсімделген Сақтандыру шартын Клиентке бергенге дейін, Банк овердрафтты беру бойынша міндеттен босатылады.]<sup>10</sup>

[Клиент тиісті түрде рәсімделген Сақтандыру шартын Банкке, Сақтандыру шартын ұсынуы тиіс мерзім көрсетілсін ішінде ұсынады.]<sup>11</sup>

Сақтандырушы туралы мәліметтер:

(Сақтандырушы туралы қажетті мәліметтер, атауы, деректемелері, телефондарының нөмірлері және мекенжайы көрсетілсін).

[Сақтандыру шарты шеңберінде көзделмеген.]<sup>12</sup>

8.3. Келіссөздер жолымен реттелмеген осы Шартпен байланысты барлық даулар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төреліктерге ведомстволық бағынысты емес дауларды қоспағанда, Банктің немесе оның филиалының (Қазақстан Республикасының

<sup>10</sup> Егер овердрафт Клиент Банкке тиісті түрде рәсімделген сақтандыру шартын бергеннен кейін берілген жағдайда, тік жақшада көрсетілгендерді Келісімнің мәтінде қалдыру керек.

<sup>11</sup> тік жақшаларда көрсетілгендерді, егер Қарыз Клиент Банкке лайықты түрде рәсімделген Сақтандыру шартын ұсынғанға дейін ұсынылған жағдайда Шарттың мәтінде қалдыру қажет

<sup>12</sup> Егер сақтандыру қарастырылмаған жағдайда

Азаматтық іс жүргізу кодексінің талаптарына сәйкес ерекше соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда) орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында не «Алматы төрелік соты» ЖШС (БСН 160940010655) жанындағы тұрақты жұмыс істейтін Алматы төрелік сотында оның осы төрелік келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын регламентіне сәйкес, талап қою/өтініш беру күніне қолданыста болатын редакциядағы Қазақстан Республикасының соттарында талап қоюшының/өтініш берушінің таңдауы бойынша қарауға жатады.

8.4. Келісімде көзделмеген барлық жағдайларда Тараптар Стандартты шарттарды, ҚР заңнамасын басшылыққа алады.

Егер Шартта Стандарттық талаптардың ережелерінен ерекшеленетін өзге ережелер (өзге мерзімдер, ақпарат / есептілікті ұсыну тәртібі, міндеттемелер / міндеттер және т.б.) белгіленген жағдайда, Келісімнің ережелері басымдыққа ие болады, тиісінше осы бөліктегі Стандарттық шарттардың ережелері Клиентке қолданылмайды немесе Келісімде жазылған талаптардың мазмұнына қарай өзгереді. Келісімге барлық қосымша келісімдер Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Егер Келісімнің қандай да бір талаптары заңсыз немесе жарамсыз болса, бұл Келісімнің басқа ережелерінің жарамдылығы мен заңдылығына қандай да бір дәрежеде әсер етпейді. Егер ҚР заңнамасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу нәтижесінде шарттың ережелері ҚР заңнамасының нормаларына қайшы келетін болса, Тараптар ҚР заңнамасының тиісті нормаларын басшылыққа алады.

8.5. Келісімді жасау арқылы Клиент Стандартты шарттардың талаптарын қабылдайды және мыналарды растайды:

- Стандартты шарттарды Клиент оқыды, Клиент ешқандай ескертулерсіз және қарсылықтарсыз толық көлемде қабылдады, Клиент ақылға қонымды мүдделеріне сүйене отырып қабылдамауы мүмкін Клиент үшін қандай да бір ауыр шарттар жоқ;

- Келісім Стандартты шарттармен бірге бірыңғай құжат болып табылады;

- Клиент Стандартты шарттарды оқымағанының / түсінбегенінің / қабылдамағанының дәлелі ретінде Стандартты шарттарда өзінің қолының жоқтығына сілтеме жасауға құқылы емес;

- Стандартты шарттардың барлық ережелері Клиенттің мүдделері мен еркіне толық сәйкес келеді;

- Келісім жасау және оның талаптарын орындау, соның ішінде қарыз беру ҚР заңнамасының кез келген нормасын бұзбайды және бұзуға әкелмейді.

8.6. Құпиялылық туралы ережелер Стандартты шарттармен анықталған.

8.7. Келісім Тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде дана саны көрсетіледі данадан жасалды, олардың әрқайсысы түпнұсқа болып саналады. Келісімнің мәтіні мемлекеттік және орыс тілдерінде әртүрлі оқылған жағдайда, Келісімнің орыс тіліндегі мәтіні Келісімнің мемлекеттік тілдегі мәтінінен басым болады.

## 9. Тараптардың заңды мекенжайлары:

**БАНК:** «Jusan Bank» АҚ, 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242-үй, БСН 920140000084, ҚР ҰБ-тағы ЖСК KZ48125KZT1001300336, БСК TSESKZKA, БЕК 14, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы 18.03.2021 жылғы анықтама, ресми интернет-ресурс – [www.jysanbank.kz](http://www.jysanbank.kz), E-mail: [info@jysanbank.kz](mailto:info@jysanbank.kz)

«Jusan Bank» АҚ филиал атауын көрсету, филиал атауын көрсету, пошта индексін, орналасқан мекенжайын, филиал телефондарын көрсету, филиалды есептік тіркеу/қайта тіркеу туралы № куәлік нөмірі мен берілген күнін көрсету куәлік/анықтама, БСН БСН № көрсету

**[КЛИЕНТ:** Клиенттің заңды тұлғасының атауын және ұйымдық-құқықтық формасын көрсету, заңды мекенжайы Бірлесіп қарыз алушының пошталық индексін, орналасқан мекенжайын, байланыс телефондарын, электрондық поштасын көрсету, «Jusan Bank» АҚ-тағы № шот нөмірін көрсету ағымдағы шоты, заңды тұлғаны есептік тіркеу/қайта тіркеу туралы № куәлік нөмірі мен берілген күнін көрсету куәлік/ заңды тұлғаны есептік



тіркеу/қайта тіркеу туралы № анықтама нөмірі мен берілген күнін көрсету анықтама, БСН БСН № көрсету.]

**[БІРЛЕСІП ҚАРЫЗ АЛУШЫ:** Бірлесіп қарыз алушының заңды тұлғасының атауын және ұйымдық-құқықтық формасын көрсету, заңды мекенжайы Бірлесіп қарыз алушының пошталық индексін, орналасқан мекенжайын, байланыс телефондарын, электрондық поштасын көрсету, «Jusan Bank» АҚ \_\_\_\_\_ филиалында ашылған № шот нөмірін көрсету ағымдағы шоты, БСН/ЖСН № көрсету, заңды тұлғаны есептік тіркеу/қайта тіркеу туралы нөмірі мен берілген күнін көрсету № куәлік/анықтама.]

**ЖОҒАРЫДА БАЯНДАЛҒАНДЫ КУӘЛАНДЫРУ РЕТІНДЕ,**

және Келісім Тараптарының әрқайсысы Келісімнің шарттарымен танысқанын, олармен келісетінін, оларды түсінікті және өзі үшін қолайлы деп табатынын растауға Келісімге жоғарыда көрсетілген күні Тараптардың атынан уәкілетті өкілдер қол қойды.

**Тараптардың қолдары:**

**Банк атынан:**

\_\_\_\_\_ ТАӨ, лауазымы  
МО

**[Клиент атынан:] [Клиент:]**

\_\_\_\_\_ ТАӨ (қолы)

**[[Бірлесіп қарыз алушы атынан:] [Бірлесіп қарыз алушы:]**

\_\_\_\_\_ ТАӨ ]

**"First Heartland Jusan Bank" акционерлік қоғамы**  
**ОВЕРДРАФТ АЛУ ТУРАЛЫ № \_\_\_\_\_ ӨТІНІШ**  
**(бұдан әрі -Өтініш)**

\_\_\_\_\_к.

\_\_\_\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_

Бұдан әрі «**Клиент**» деп аталатын Клиенттің ұйымдық-құқықтық нысанын және атауын толық көрсету атынан үкілетті өкіл іс-әрекет ететін құжаттың атауын, берілген күнін көрсету негізінде іс-әрекет ететін үкілетті өкілдің лауазымын көрсету тегін, атын, әкесінің атын толық көрсету мырза (ханым)

[бұдан әрі «**Бірлесіп қарыз алушы**» деп аталатын Бірлесіп қарыз алушының ұйымдық-құқықтық нысанын және атауын толық көрсету атынан үкілетті өкіл іс-әрекет ететін құжаттың атауын, берілген күнін көрсету негізінде іс-әрекет ететін үкілетті өкілдің лауазымын көрсету тегін, атын, әкесінің атын толық көрсету мырза (ханым)]

[Келісім бойынша бірнеше Клиенттер болған жағдайда, Өтініштің мәтіні бойынша оларды «1-Бірлесіп қарыз алушы», «2-Бірлесіп қарыз алушы» және т. б. деп атау қажет.]

[Клиент және [Бірлесіп қарыз алушы] [Бірлесіп қарыз алушылар] бірлесіп, бұдан әрі осы Келісімнің мәтіні бойынша бірлесіп «**Клиент**» деп аталатын, бір тарапты білдіреді, бұл ретте «Клиентке» жасалған Келісімдегі барлық сілтемелер бірге алынғандарды да, сол сияқты олардың әрқайсысын жеке-жеке білдіреді, бұл ретте «Клиенттің» барлық құқықтары мен міндеттері тең дәрежеде [Клиентке] [Бірлесіп қарыз алушыға] [Бірлесіп қарыз алушыларға] жатады. Клиент, [Бірлесіп қарыз алушы,] [Бірлесіп қарыз алушылар,] осы Келісімге қол қою арқылы осы Келісімнің шарттарын тиісті түрде орындау міндеттемелерін өзіне алады және осы Келісім бойынша міндеттемелердің орындалуы үшін толық ортақ жауапты болады.]<sup>13</sup>

Осы Қарыз алу туралы Өтінішпен (бұдан әрі - Өтініш) «Jusan Bank» АҚ (бұдан әрі - **Банк** деп аталады) \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ тұлғасында, \_\_\_\_\_ жылғы №\_\_\_\_\_ Бас кредиттік келісім (ірі бизнес) (бұдан әрі - Келісім) шеңберінде және шарттарына сәйкес Сізден Клиенттің «Jusan Bank» АҚ филиалдың атауын көрсету филиалында ашылған № ағымдағы шот нөмірін көрсету овердрафт беруді сұраймыз.

Осы Өтініште қамтылған барлық терминдер мен анықтамалар Келісімде көрсетілген мағынада қолданылады.

**1.Қарыз Сомасы мен Валютасы:** \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_)\_\_\_\_\_

**2.Қарыз мерзімі:** Бірінші нақты берілген күннен бастап (\_\_\_\_) ай.

**3.Сыйақы мөлшерлемесінің түрі және мөлшері:** [бекітілген] \_\_\_\_\_; сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайыздық мөлшері «сыйақы мөлшерін цифрмен көрсету (сыйақы мөлшерін жазбаша көрсету)»; Өтінішке қол қою күніне шынайы жылдық тиімді салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері «жылдық тиімді мөлшерлеменің мөлшерін көрсету» \_\_\_\_\_.

**4. Өтеу әдісі:** (төменде көрсетілген әдістердің бірі көрсетіледі қажетсіз алып тасталсын)

- клиенттің «Jusan Bank» АҚ-та ашылған ағымдағы шоттарына келіп түсетін барлық ақшаны олардың келіп түсуіне қарай алып қою (есептен шығару) арқылы;

- өтініштің қолданылу мерзімінің соңында, бірақ Келісімнің 1.1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мерзімнен кешіктірмей;

- Банк айқындаған өзге мерзімдерде.

**5. Овердрафтты беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты алуға жататын комиссиялардың және өзге де төлемдердің толық тізбесі, сондай-ақ олардың мөлшерлері:** \_\_\_\_\_.

**6. Өтініштің қолданылу мерзімі:** Өтініш Клиент Банк алдындағы өтініште көзделген барлық міндеттемелерді толық тиісінше орындағанға дейін қолданылады.

7. Клиент өтініш жасалған күні келісімнің барлық талаптарын, оның ішінде өзінің кепілдіктеріне қатысты талаптарын орындайтынын, сондай-ақ Банк бұзушылық оқиғасын жариялай алатын

<sup>13</sup> Клиент және Бірлесіп қарыз алушы(-лар) болған жағдайда.

немесе Келісім бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап ете алатын қандай да бір мән-жайлардың жоқ екенін растайды.

8. Өтініш Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

**КЛИЕНТ:** Клиенттің ұйымдық-құқықтық нысанын және заңды тұлғасының атауын көрсету, заңды мекенжайы пошталық индексті, орналасқан мекенжайын, хабарламалар мен талаптарды жіберу үшін мекенжайын, Клиенттің байланыс телефондарын, электрондық пошта мекенжайын көрсету «Jusan Bank» АҚ-тағы ағымдағы шот № шот нөмірін көрсету, (қайта) тіркеу күнін көрсету жылғы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу/тіркеу туралы куәлік № куәліктің нөмірін көрсету/ берілген күнін көрсету жылғы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу/тіркеу туралы анықтама, БСН БСН № көрсету.

**[БІРЛЕСІП ҚАРЫЗ АЛУШЫ:** Бірлесіп қарыз алушының ұйымдық-құқықтық нысанын және заңды тұлғасының атауын көрсету, заңды мекенжайы пошталық индексті, орналасқан мекенжайын, хабарламалар мен талаптарды жіберу үшін мекенжайын, Бірлесіп қарыз алушының байланыс телефондарын, электрондық пошта мекенжайын көрсету «Jusan Bank» АҚ-тағы ағымдағы шот № шот нөмірін көрсету, (қайта) тіркеу күнін көрсету жылғы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу/тіркеу туралы куәлік № куәліктің нөмірін көрсету/ берілген күнін көрсету жылғы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу/тіркеу туралы анықтама, БСН БСН № көрсету.]<sup>14</sup>

### **ЖОҒАРЫДА БАЯНДАЛҒАНДЫ КУӘЛАНДЫРУ РЕТІНДЕ,**

және Келісім Тараптарының әрқайсысы Келісімнің шарттарымен танысқанын, олармен келісетінін, оларды түсінікті және өзі үшін қолайлы деп табатынын растауға Келісімге жоғарыда көрсетілген күні Тараптардың атынан уәкілетті өкілдер қол қойды.

**Клиент атынан:**

\_\_\_\_\_ Аты-жөні, лауазымы  
МО

**[Бірлесіп қарыз алушы атынан:**

\_\_\_\_\_ Аты-жөні, лауазымы  
МО]

**Өтінішті Банк акцептіледі:**

**БАНК:** «Jusan Bank» АҚ, 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242-үй, БСН 92014000084, ҚР ҰБ-тағы ЖСК KZ48125KZT1001300336, БСК TSESKZKA, БеК 14, 2021 жылғы 18 наурыздағы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама, ресми интернет-ресурс – [www.jysanbank.kz](http://www.jysanbank.kz), e-mail: [info@jysanbank.kz](mailto:info@jysanbank.kz)

«Jusan Bank» АҚ филиалдың атауын көрсету филиалы филиалдың пошталық индексін, орналасқан мекенжайын, телефондарын көрсету, филиалды есептік қайта тіркеу/тіркеу туралы куәлік № куәліктің нөмірі мен берілген күнін көрсету/ беру күнін көрсету жылғы филиалды есептік қайта тіркеу/тіркеу туралы анықтама, БСН БСН № көрсету

**Банк атынан:**

\_\_\_\_\_ Аты-жөні  
МО

<sup>i</sup> Заңды тұлғаларға және кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғаларға қаржыландыру ұсыну бойынша стандартты шарттарға сілтемемен банктік қарыз шартының үлгілік нысаны бекіткен:

- «Jusan Bank» АҚ Басқармасы 2022 ж. "01" шілде № 82-22 хаттама

<sup>14</sup> Бірлесіп қарыз алушы болған жағдайда